



Автор: Байгабулова Гулжанар Айтжановна
Пән: Қазақстан тарихы
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі
Тақырып: Ежелгі адамдардың өміріне саяхат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	□ Тас дәуіріндегі оқиғаларға шолу жасайды; □ Ежелгі адамдардың мәдени жетістіктерін қорытындылайды; □ Алғашқы жылқы өсірушілерді анықтайды;
Сабақтың мақсаты:	□ 5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс- тіршілігін шығармашылық түрде (әңгімелеу, бейнелеу, көрініс, макет) көрсету
Тілдік мақсаттар:	Ру, алғашқы қауым, тобыр, аналық және аталық ру, абыздар, терімшілік, аңшылық, балық аулау, мал шаруашылығы, теселі егіншілік, еңбек бөлінісі, өнімді еңбек, жеке меншік, өндіруші шаруашылық, қолөнер, кен өндірісі, тоқымашылық, керамика, көзе т.б.сөздерді еске түсіреді
Күтілетін нәтиже:	оқушылардың алғашқы адамдардың өмір салтын түсіну
Бағалау критерийлері:	□ ежелгі адамдардың тиісті іс-әрекетін анықтайды; □ еңбек құралдарын топтастырады; □ Екі петроглифтердің арасындағы 2 айырмашылық пен 2 ұқсастықты анықтайды; □ Петроглифтерді салыстыра отырып, ежелгі адамдардың дүниетанымын сипаттайды.
Құндылықтарды дарыту:	Алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігі, еңбегіне, тарихи ескерткіштеріне құрметпен қарау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, презентация арқылы оқушылардың шығармашылық түрде жұмыстануына мүмкіндік ашылып, пәнге қызығушылығы артады.
Пәнаралық байланыс:	География, дүниежүзі тарихы пәндеріндегі негізгі білім дағдыларын пайлана отырып, археологиялық ескерткіштердің орналасуын, әлем елдеріндегі табиғи, қоғамдық өзгерістермен салыстыра отырып, тиісті қорытынды жасайды. Қазақстандағы ежелгі тас, қола дәуіріндегі басты қоғамдық өзгерістерді анықтайды.
Бастапқы білім:	Қазақстан территориясындағы алғашқы адамдардың антропологиясын, тұрмысын, археологиялық ескерткіштерімен, діни наным-сенімімен танысты.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Қызығушылықты ояту кезеңі. Бастапқы стимул. 1) (Б) Бұл сабақта оқушыларға өткен тақырыптарды қайталай отырып, ежелгі дәуірге саяхат жасайтындығын ескертіп өтемін. «Тас және қола дәуірінде қандай өзгерістер орын алды?» сұрағын қоя отырып, оқушыларды өзара пікір алмасуға бағыттаймын. Алдымен талқылау үшін тақырып бойынша (барлығына бір тақырып немесе әр топқа бөлек тақырып) топтарға бөліп отырғызамын. Талқылаудан кейін оқушыларға түстер беріп, тиісінше қайтадан топқа бөлемін. Топты «Мозайка» әдісі арқылы 4 оқушыдан 4 топты анықтаймын. Жаңа топтар «бастапқы топ» қатысушыларынан тұрады. Кейін оқушылар топта не талқылағандарын айту үшін қайта оралады. Бұл одан әрі тақырыпқа шолу жасауға түрткі болады. Оқушылар сабақ мақсатымен, тапсырмалармен және жетістік критерийлерімен таныстырамын.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Мағынаны тану кезеңі. 2) (Т) 1-тапсырма. «Уақыт сызығы». Презентация арқылы ұяшықтарға тас дәуірінің кезеңін (палеолит, мезолит, неолит, энеолит) санмен көрсетіп қоямын. Сынып оқушыларын топқа бөлемін: 1 топ. Палеолит 2 топ. Мезолит 3 топ. Неолит 4 топ. Энеолит Өткен тақырыптарды еске түсіру мақсатында сұрақтар беремін: • «Тас дәуірі» кезеңінен қандай оқиғалар ерекше есте қалды? • Металды игеру адам өміріне қандай өзгерістер алып келді?	
Сабақтың соңы	7) (Ф) Қорытынды кезеңі. (Д) Кері байланыс. «Бағдаршам» тәсілі арқылы оқушының тиісті рефлексия жасауына бағыт беремін: Жасыл түс – осы секілді тапсырмалар көбірек болса Сары түс – ұнады, бірақ барлығы емес Қызыл түс – сабақ мүлдем ұнамады	
Рефлексия	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	